

**A. M. Жансарбаева, 2-курс**

**Ғылыми жетекшісі: М. Б. Қуандықова, экономика және менеджмент кафедрасының оқытушысы**

**(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)**

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК — ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Қазақстан «Жас мемлекет» деп атаяу, қазіргі кезде сәтін таптай жасалмаған бір жұмыстарға акталған есебінде қолдану саяси үрдіске айналып кеткен. Бірақ 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғанда республика таза орта ғасырдағы жағдайда болған жоқ, КСРО елдерінің арасында экономикасы жағынан алдыңғы қатарларда болатын, өнім шығару, өндіру, қайта өндіреу зауыттары, миллион тонна өнім беретін миллиондаған егістік жерлер, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, инфрақұрылымдық жағдайы жоғары болатын, алайда тәуелсіздік алған кезде бәрі жоққа шығып жаңа туған бала сияқты қауқарсыз күйде қалдық. Осыдан заңды сұрақ туындаиды «Сол уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдайымыз қайда?» «Неге бәрін жаңадан бастаумыз қажет?»

Қазіргі уақытта байқаған адам көреді, сол уақытта нарықтық экономикаға ауысамыз деп ұрандатып бас тартқан қашшама мүмкіндіктерімізге жете алмай қалдық, енді соларды қайтаруға тырысып жатырмыз, мысалы «кедендей одак», ауыл шаруашылық субъектілерінің біріктіру бұрынғы «колхоз», барлық ірі кәсіпорындарды мемлекет иелігіне қайтару және т. б.

Қарағанды Экономикалық Университетінің студенті бола тұрып, болашақ «Экономика» мамандығының иесі ретінде Қазақстан Республикасы бекіткен саяси тұжырымдамаға сүйене отырып, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының келесі жобасын ұсынада едім.

Қазақстан экономикасының дамуы ез тәуелсіздігін сақтап, үлгітық жаңғырудың (модернизацияның) кепілі ретінде барша халықтың әлеуметтік жағдайының деңгейін жақсарту мен рухани есуіне толық мүмкіндік жасап, жер мен жер қойнауының байлығын халқының мұлдеде-

сін қорғайтын деңгейде пайдаланып, шет елдік инвесторлар мен трансулттық корпорациялардың экспансиясына жол бермеу керек.

#### Бұл мақсатта:

- ұлттың негізгі байлығы жер мен жер қойнауының қазынасы халықтың ортақ байлығы екенін бекітіп, мемлекет тек оны пайдалануды реттеп отыруға құқылы болуын жүзеге асыру;
- экономиканың стратегиялық даму салаларын қатаң мемлекеттік бақылауда ұстau;
- индустриялық даму бағыты жер қойнауының қазынасы мен табиғи басқа байлықтар қорын шикізат күйінде шетке шығаруды негұрлым тәжел, отандық ғылым мен жаңа технологияны пайдаланып, ішкі және сыртқы сұранысқа сай сапасы жоғары, халықаралық деңгейдегі өндірістік өнім шығаруды жолға қою;
- орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуда, экономикалық тиімді, өнімдерінің өз құнын төмендетіп, сапасын көтеретін жаңа технологияны жедел өзгертуге бейімделген өнеркәсіп орындарын көптеп ашуға мемлекеттік қолдау жасау;
- Қазақстан Республикасының көші-қон туралы заңнамасын одан әрі жетілдіру, шетелдік жұмысшыларды тартудың ұлттық мүддеге қайшы келмеуін және еліміздегі жұмыссыздықтың көбеюіне әсер етпеуін қамтамасыз ету;
- ішкі көші-қонның мәселелеріне арналған арнайы заң қабылдау және ішкі көші-қон толқынын реттеу мақсатында ауылдық жерлердің экономикалық, әлеуметтік мәселелерін шешу;
- шетелдік инвесторлармен кезінде жасалған келісім-шарттардың құпия мазмұнын жариялау жөнінде келіссөздер жүргізу. Болашақта үкімет пен шетелдік компаниялар арасында жасалатын кез-келген келісім-шарттарды міндетті турде жария турде жасау;
- Қазақстанға келген шетелдік инвесторлар өздерінің шикізат саласындағы жобаларын жүзеге асыру үшін міндетті турде жергілікті мемлекеттік не болмаса жекеменшік компаниялармен бірлескен кәсіпорын ашуға керек. Бұндай кәсіпорындардағы қазақстандық компаниялардың үлесі 51 пайыздан кем болмауын қамтамасыз ету;
- экономикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздікті сақтау үшін отандық салалар мен кәсіп-орындардың шетелдік компаниялар сатып алғын барлық меншіктік үлес мөлшерінің ең жоғарғы деңгейі 49 пайыздан аспайтындей, ал әрбір шет елдік компанияның меншігіне бір өндіріс орнының 15 пайыздан артық үлес сатып алуына шек қоюды іске асыру;
- қазақ жерінде жұмыс жасап жатқан шетелдік компанияларды қазақстандық жұмысшылардың құқын сақтаған, негізінен отандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға міндеттейтін заңдар қабылдануы;
- елдегі ұлттық компаниялардың негізгі акцияларын Қазақстан азаматтарының, бірінші кезекте ауыл тұрғындарының иеленуін қамтамасыз ету, сол арқылы оларды кәсіпкерлікке тарту;
- «Жер Кодексін», «Жер қойнауы туралы» заңды қайта қарау, жерді сату мен жер қойнауының байлығын пайдалану туралы заңнамаларды ұлттық даму тұжырымдамасының бағытына сәйкестендіру;
- ауылдың экономикалық, әлеуметтік, мәдени өркендеуіне жұмыс істейтін, инфракұрылымды дамыттын, ұлттық менталитетке негізделген дәстүрлі экономиканы дамыттатын аймақтық бағдарламаларды дайындау, оларды қомақты және мақсатты қаржыландыру;
- Қазақстан жерінің жартысынан көбі өмір сүруге қолайсыз шел және шөлейт жерлер екенін ескеріп, онда тұрып жатқан тұрғындарды қалаларға немесе шұрайлы жерлерге көшіру бағдарламаларын жасау керек.